

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.07.20 10:48

Регистрационный номер

19035

Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.20 10:49

Код и наименование специальности:

04210100 Құқықтану

Код и наименование квалификации/квалификаций:

4S04210101 Заңгер

Регион:

Қызылорда облысы

Организация ТИППО (Разработчик):

«ORDA» Жоғары колледжі» мемлекеттік емес білім беру мекемесі

Партнеры-разработчики:

- 1) Қызылорда облысы жеке сот орындаушы өңірлік палатасы
- 2) Жеке нотариус Сейтназарова

Цель ОП:

Заңтану саласында терең білімі бар, бағдарламаларға, жобаларға, нормативтік және құқықтық актілерге, әдістемелік материалдарға құқықтық сараптама жүргізуге қабілетті, кәсіби қызметте материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын іске асыратын заң қызметінің, құқықтық оқыту мен тәрбиелеудің нақты салаларында нормативтік құқықтық актілерді білікті қолдану қабілетіне ие заңгерлерді даярлау

Уровень по НРК:

4

Уровень по ОРК:

4

Профессиональный стандарт (при наличии):

жоқ

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

жоқ

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

180

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

29.03.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

KZ82LAA00019289

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

18

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

43455

Отличительные особенности ОП:

–

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ЖБП 1. Қазақ тілі	Түрлі салалар мен қарым-қатынас жасау барысында тілді еркін меңгеруін қамтамасыз ету үшін коммуникативтік дағдыларын дамытуға; сыни ойлауы мен ауызекі сөйлеуін дамытуға; ақпаратты іздей алу біліктілігін дамытуды жүзеге асыруға; қажетті ақпаратты алу, өңдей алуға бағытталады. Тілді оқу процесінде алған білімін өмірдің түрлі жағдайында қолдана білу және ақпаратты бағалау, жинақтау, талдау, салыстыру сияқты ойлаудың жоғары деңгейіндегі дағдылары қалыптасады.	4/96
	ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Образдық және талдамалық ойлауды дамытуға, шығармашылық қиялдауға, оқырман мәдениеті және автор	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>ұстанымын түсінуге; білім алушылардың ауызша, жазбаша сөйлесімін дамытуға; әдебиет теориясының түсініктерін және негізгі тарихи-әдеби мәліметтерді, көркем шығарма мәтінінің мазмұны мен түрін бірлікте түсінуге бағытталады. Әдебиет тарихына қажетті мәліметтерді және әдебиеттану түсініктерін қатыстыра отырып пәнді оқыту процесі барысында көркем шығармаға терең талдау жасайды.</p>	
ЖБП 3. Орыс тілі мен әдебиеті	<p>Тіл мен әдебиетті оқыту процесінде білім алушылар тіл туралы тілдің таңбалық жүйесі және қоғамның құбылысы ретінде, оның құрылысы, дамуы мен қызметі туралы білім алады. Тіл мен әдебиетті оқыту әдеби тіл нормаларын меңгеру деңгейін жетілдіре түсуге, білім алушылардың сөздік қорын молайтуға және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын байытуға, тілдік құбылыстар мен фактілерді және әдеби шығармаларды талдау және оларға баға беру қабілеттерін дамытуға бағытталады.</p>	5/120
ЖБП 4. Шет тілі	<p>" Шетел тілі" оқу пәнінің мазмұны көптілді, көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыруға; түрлі стильде жазылған тең түпнұсқалы мәтіндердің мазмұны арқылы сөздік қорын молайтуға, коммуникативтік біліктілігін жетілдіруге, шеттілді коммуникативтік біліктілікті дамыту процесінде дүниетанымы мен әлемді қабылдауын</p>	4/96

Результаты		
Наименование	обучения/Краткое описание	Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины	кредитов/часов
	әлеуметтік мәдени жағынан байытуды жүзеге асыруға; зерттеу жұмыстары мен түрлі оқу міндеттерін шығармашылық жағдайында шешуге мүмкіндік беруге бағытталады.	
ЖБП 5. Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихындағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді талдау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау және бағалау үшін қажетті тарихи ойлау дағдыларын дамытуды қарастырады. Аталған оқу пәнінің аксиологиялық қызметі патриотизмді қалыптастырумен, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет көрсету қасиетін дағдыландырумен жасалады.	4/96
ЖБП 6. Өзін-өзі тану	Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде адамның рухани-адамгершілік әлеуетін ашуға, өзін-өзі тануға және өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасын дамытуға; отбасындағы, ұжымдағы, қоғамдағы өзінің рөлін түсінетін жоғары адамгершілік сапасын дамытудың қажеттілігін, қоғамға қызмет жасау дағдыларын; физикалық және рухани денсаулықтың байланысын түсінетін, еліміздің, қаланың, ауылдың, мектептің, отбасының өміріне өзінің қатыстылығын сезінетін және өз ойлары мен сөзіне, іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға бағытталған.	2/48
ЖБП 7. Математика	Математика курсы адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудағы математиканың рөлін түсінумен	5/120

Результаты		
Наименование № модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	қатар, функционалдық сауаттылығын, кеңістіктегі қиялын, абстрактілі, логикалық ойлауын қалыптастыруға мүмкіндік береді.	
ЖБП 8. Информатика	Компьютерлік технологиялар арқылы ақпараттық процестерді іске асыруды, компьютерлік жүйелер және модельдермен жұмыс атқаруды, ақпаратты сақтау әдістерін зерделеуді, интерактивті компьютерлік модельдерді пайдалана отырып модельдеу, визуализациялау және формализациялау үшін тәсілдерді қарастыруды болжайды.	2/48
ЖБП 9. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Әскери іс, робототехника және IT- технология негіздері туралы көзқарасты қалыптастыру, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында қызмет ету және әскери іс негіздері, әскери ант және әскери жарғылар мазмұнына қойылатын талаптар бойынша білім туралы түсінікті қалыптастыруды; өмірлік маңызы бар дағдылары мен қасиеттерін дамытуға ықпал етуді; теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын нық игерулері арқылы оларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етуге дайындайды.	4/96
ЖБП 10. Дене тәрбиесі	Қимыл-қозғалыс белсенділігінің заңдылықтары, спорттық дайындық, дене тәрбиесімен шұғылданудың болашақ еңбек жолындағы маңызы, әскер қатарында қызмет етуге дайындау туралы білім көлемін кеңейтуді; білім алушының	5/120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жасына және жыныстық ерекшеліктеріне сәйкес ағзаның қызмет ету қабілеттерін жоғарылатуды; спорттың негізгі түрлері бойынша техникалық және тактикалық әрекеттер мен тәсілдерді жетілдіруді; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеттерінің дербес және ұжымдық түрлерінің құзыреттілігін дамыту, белсенді демалыс және спорттық жарыстарды ұйымдастырудың шығармашылық дағдыларын дамытады.	
ЖБП 11. Биология	Тірі организмдердің көп түрлілігі, қоршаған орта эволюциясы, табиғи құбылыстардың заңдылығы мен заңдары туралы білімдерін тереңдетуге; объектілер мен ақпараттарды бақылау, саралау, жүйелеу, салыстыру, қатар қою, талдау, затты және ақпаратты бағалаудың практикалық дағдыларын дамытуға, себеп-салдарлық байланысты анықтауға бағытталған.	6/144
ЖБП 12. География	Табиғаттың даму заңдылықтары туралы білімдерін кеңейтуге, тұрғындар, экономика және геосаясат, әлем туралы білімдерін жан-жақты қалыптастыруға, табиғат ерекшеліктерін объективті бағалауға, әлеуметтік, экономикалық және саяси процестерді тануға бағытталған.	6/144
ЖБП 13. Физика	Табиғаттың жалпы заңдары ретіндегі механиканың, жылу физикасының, электр және магнетизмнің, оптиканың және	3/72

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины		кредитов/часов
		атомдық физиканың заңдары туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған. Танымның ғылыми әдістері негізінде білім алушылардың әлемнің физикалық бейнесі туралы түсініктері кеңейеді және ғылыми көзқарастары қалыптасады.	
ЖБП 14. Химия	Химиялық заттардың көптүрлілігінің маңыздылығы және олардың басқа затқа айналуы туралы, табиғи ресурстарды ұқыппен қолдануын дамытуға; оқытылатын процеске шығармашылық және сыни ойлауды қолдануға, практикалық және эксперименттік біліктерін кең ауқымда дамытуға; табиғи құбылыс ретінде химия туралы білімдерін тереңдету негізінде білім алушылардың түсінігін кеңейтуге бағытталған.		3/72
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.		7/168
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.		1/24
БМ 2. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.		1/24
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.		1/24
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.		1/24
	ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік		1/24

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	кредитов/часов
		қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	
БМ 3. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	1/24	
	ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.	1/24	
	ОН 4.3. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	1/24	
КМ 1. Кәсіби қызметте құқықтық ұғымдар мен санаттардың дәл сөз сөйлемшелерін пайдалану	ОН 1.1. Мемлекет пен құқықтың мағынасын, мәні мен мақсатын сипаттау.	1/24	
	ОН 1.2. Нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру және қолдану.	2/48	
	ОН 1.3. Құқықтық реттеу пәні мен әдісі бойынша құқық салаларын ажырату.	2/48	
	ОН 1.4. Кәсіби құқықтық ойлауды, заңдық құқық мәдениетін қалыптастыру.	2/48	
	ОН 1.5. Заманауи қоғамда болып жатқан саяси және құқықтық процестерді талдау.	1/24	
	ОН 1.6. Заң құжаттарын жасау кезінде құқықтық терминологияны қолдану.	1/24	
КМ 2. Іс жүргізу стандарттары мен заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру	ОН 2.1. Құқықтық құжаттаманы жүйелеу, есепке алу және жүргізу	1/24	
	ОН 2.2. Коммуникация мен байланыстың заманауи техникалық құралдарын пайдалана отырып, ақпаратты	3/72	

Результаты		
Наименование № модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	өңдеу әдістерін меңгеру.	
	ОН 2.3. Құқықтық құжаттардың жобаларын әзірлеу және олардың заңнамаға сәйкестігін тексеру.	1/24
	ОН 2.4. Мәтіндік редакторларды және арнайы заңдық бағдарламалық қамсыздандыруды қолдану.	5/120
	ОН 2.5. Құқықтық деректер базасының, архивтердің, басқа да көздердің көмегімен құқықтық ақпарат іздеуді жүзеге асыру.	1/24
КМ 3. Материалдық құқық нормаларын талдау және кәсіби қызметте қолдану	ОН 3.1. Құқық субъектілерінің құқықтық мәртебесін анықтау.	9/216
	ОН 3.2. Заң құжаттарының жобаларын әзірлеу және жасау.	3/72
	ОН 3.3. Құқықтық ақпаратпен жұмыс істеу, оны іріктеу, талдау және бағалау.	1/24
	ОН 3.4. Құқықтық нормаларды нақты жағдайда қолдану және кеңес беру үшін нормативтік құқықтық актілерді пайдалану.	5/120
	ОН 3.5. Кәсіби қызмет саласына кіретін құқықтық нормалар мен құқықтық қатынастарды талдау.	2/48
	ОН 3.6. Құқықтық мәселелер бойынша кеңес беруді жүзеге асыру	2/48
	ОН 3.7. Юрисдикциялық актілердің талаптарын мәжбүрлеп орындату саласындағы атқарушылық іс жүргізуді және құқықтық қатынастарды реттейтін нормаларды талдау.	5/120
	ОН 3.8. Конституциялық құқықтың негізгі ұғымдарын талдау және қолдану.	6/144
КМ 4. Материалдық құқық	ОН 4.1. Фактілер мен мән-	4/96

Результаты			
№	Наименование модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	нормаларын қолдану процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу және іске асыру	жайларды заңды тұрғыда дұрыс саралау.	
		ОН 4.2. Білікті заң қорытындылары мен кеңестер беру.	2/48
		ОН 4.3. Сот құжаттарының жобаларын жасау.	5/120
		ОН 4.4. Кәсіби этика қағидаларын сақтау.	1/24
		ОН 4.5. Жүйелі және салыстырмалы талдауды, зерттеу дағдыларын меңгеру.	4/96
		ОН 4.6. Ауызша және жазбаша коммуникация дағдыларын, тұлғааралық коммуникация тәсілдерін меңгеру.	3/72
		ОН 4.7. Логика заңдарын қолдану.	3/72
		ОН 4.8. Материалдық құқық нормаларын қолдану рәсімін анықтау.	7/168
		ОН 4.9. Заңды іс бойынша кәсіби шешім қабылдау.	9/216
		ОН 4.10. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларын қылмыстық істі тергеуде немесе қарауда қолдану.	10/240
	Аралық, қорытынды аттестаттау	-	7/168